

Заңды тұлғаға банктік шот ашу үшін КМФ Банктің жақын жердегі бөлімшесіне жүгініп, мынадай құжаттар топтамасын дайындау қажет:

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлғалар үшін тиісті тексеру жүргізуге және шот ашуға қажетті құжаттар тізбесі		
№ р/с	Құжаттың атауы	Құжат түрі
1.	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама/куәлік	Көшірме
2.	Қол қою үлгілері бар құжат	Түпнұсқа/Нотариалды куәландырылған
3.	Қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің уәкілетті тұлғасының (тұлғаларының) жеке басын куәландыратын құжат(тар)	Түпнұсқа ¹ Көшірме
4.	Қол қою үлгілері бар құжатта көрсетілген тұлғаның (тұлғалардың) уәкілеттіктерін растайтын құжат(тар)	Көшірме
5.	Құрылтайшылардың хаттамасы/шешімі	Көшірме
6.	Заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайын куәландыратын құжат	Көшірме
7.	Егер клиенттің қызметі лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асырылса, лицензия немесе рұқсат.	Көшірме
8.	Жарғы/үлгілік жарғы негізінде клиенттің қызметті жүзеге асыру фактісін растайтын құжат	Көшірме
9.	Құрылтай шарты/құрылтайшының (қатысушының) шешімі	Көшірме
10.	ЖШС үшін ЖШС ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме	Көшірме
11.	АҚ үшін Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме	Көшірме
12.	<u>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін</u> (негізгі құжаттарға қосымша) – бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсаты.	Түпнұсқа
13.	<u>Қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері үшін</u> – қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестік филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттігін растайтын құжаттар: - <i>филиалдың немесе өкілдіктің құжаттарына қол қоюға құқығы бар тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтар</i> - <i>өзге.</i>	Салыстырып тексеру және көшірмесін алу үшін түпнұсқа/нотариалды куәландырылған көшірме
14.	<u>заңды тұлғалардың өзге де ұйымдық-құқықтық нысандарындағы филиалдары мен өкілдіктері үшін:</u> – заңды тұлға филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхат – филиалдар және өкілдіктер үшін	Салыстырып тексеру және көшірмесін алу үшін түпнұсқа/нотариалды куәландырылған көшірме

¹ мемлекеттік дереккөздерден алмаған жағдайда

Құрылтайшылар/бенефициарлық меншік иелері бойынша құжаттар		
15.	Заңды тұлға құрылтайшыларының (қатысушыларының) жеке басын куәландыратын құжаттар	Көшірме
16.	Заңды тұлға құрылтайшыларының (қатысушыларының) мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжаттар	Көшірме
17.	Заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иелерінің жеке басын куәландыратын құжаттар (бенефициарлық меншік иесі заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын және акционерлер (қатысушылар) тізілімінен алынған үзінді көшірменің негізінде анықталған жағдайларды қоспағанда)	Көшірме
18.	Клиенттің акционері (қатысушысы) болып табылатын заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялардың немесе үлестердің 10 (он) және одан көп пайызына иелік ететін акционерлердің (қатысушылардың) мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжаттар	Көшірме
19.	Осы кестенің 18-тармағында көрсетілген акционерлердің (қатысушылардың) лауазымды тұлғаларының жеке басын куәландыратын құжаттар	Көшірме

** Құжаттар тізбесі толық емес, өйткені нақты жағдайға байланысты қосымша құжаттар талап етілуі мүмкін*